

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

АУДАНБЕК КӨБЕСОВ



Ауданбек Көбесұлы табиғаты таза, жүрегі жұмсақ, жақсы адам еді. Әдетте жақсы адам деген сөзді аямай айта береміз. «Қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің жаманнан аманы жоқ», - деген мақал бар деп естиміз. Болса, болар: біз білетін шындық болмысқа қайшы келмейтін сияқты. Оның үстіне Абайдың: «Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?», - деп ойға қалғаны бар. Сэрә, бұл сөз қазақтың дәстүрлі

мәдениетінде болған, ілкіден келе жатқан ұғымды білдіретінге ұқсайды. Оны өңдеуге, өзгертуге болмайды.

«Қазақтың тірісінің жаманнан аманы жоқ» болатыны кісінің ішін удай ашытқандай екен. Сөйте тұра құлағымызға: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», - деген бар емес пе деген ішкі үніміз естілгендей болады. Сонда барып жақсының барына күмәнданудың бекерлігі туралы ой туады. Кемшіліксіз бір Алла ғана екеніне, кемшіліксіз адам болмайтынына көңіліміз сеніп тұрса да, осы үн дәтке қуат сияқты.

Орта мектепте «Жанында жүр жақсы адам» деген еркін тақырыпқа шығарма жазатынбыз. Осы тақырыпқа шығарма жазған оқушылардың бәрі де жанында жүрген бір-бір жақсы адамды тауып алып, соның жақсылығын

баяндаушы еді. Бізден басқалар да сөйткен болу керек. Сондағы ісіміздің сипатына көз жүгіртсек, бәріміз де жанымыздағы адамның бойынан жақсылық іздейді екенбіз. Бізге жақсыны іздетіп, жақсының жақсылығын айтуға баулып жүрген Аукең сияқты мұғалімдеріміз де асыл екен. Жақсыны, жақсының жақсылығын көру үшін оны іздеу керек. Кісінің бойынан жақсылық емес, жамандық іздеген адамның не табатынын оның өзі білер. Ал жақсыны, жақсылықты тек іздеген жан ғана табады. Жақсының жақсылығы сыртында емес, түрі мен түсінде де емес, іші мен ісінде. Мұны Аукеңнің өзі айтады: «Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді», - дейді. Әр жерде емес, жақсы, жақсының жақсылығы көрінген кезде. Онда да белгілі бір жаймашуақ жағдай, әдемі ахуал үстінде, қисыны келген сәтте. Абайдың ойын да, сөзін де еш өзгеріссіз айтады. Өз тарапынан ешқандай түсінік қоспайды. Соған қарамастан, өзі де, Абай да түсінікті.

Халықтың ақ-адал, ақпейіл адамдар туралы: «Аузын ашса, жүрегі көрінеді», - дейтін сөзі бар. Бірақ мұны осы айтылған қалпында, сөзбе-сөз түсінуге болмайды. Адам баласы түгіл, құстың балапанының ашқан аузынан да іші көрінбейді. Адамның жүрегін көру үшін, оның аузының ашылғанын күтіп отырудың керегі жоқ. Ертедегі даналар елдің ұлдарына: «Аузыңды ашсаң, жақсы сөз айту үшін аш!» - дейді екен. Ғибратты, игілікті, өмірлік пайдасы зор өсиет екенінде сөз жоқ. Бірақ көненің көзіндей осы өсиетті өз өмірінде бұлжытпай орындағандар, орындап келе жатқандар, орындайтындар адамзатта қай кезде де аз болған. Аукең көптің бірі емес, осы аз, аз да болса көптей, өзегі берік, өзі асыл адамдардың қатарынан еді.

Дүние тіршілігінде кісінің басына нелер келіп, нелер кетпейді. Біреулер қуанып жатады, біреулер өкініп жатады. Қуанатындардан өкінетіндер көп. Оларға Аукеңнің айтатын әңгімесі бар. «Құс пен құсшы» деп аталады. Шығыс халықтарында ілкіден бар. 'Ауфидің (1172/76-1233/42) атақты «Джавами' ал-хикайат...» жинағына енген [1, 243-244]. Ұзақ әңгіме емес, шағын.

Бозаңда жүрген бозторғай құсшының ауына түсіп қалыпты дейді. Бозторғай құсшыдан :

- Сен мені не қылайын деп ұстадың?- деп сұрайды.

- Не қылушы едім, жүніңді жұламын, сонан соң пісіріп жеймін, - дейді құсшы.

- Қой, сен мені жеме!- дейді бозторғай. – Сен түйені де, биені де жеп жүрген жоқсың ба? Менің бір жапырақ етім сенің жұмырыңа жұқ та болмайды. Қарның тоймайды, ас ішкен құрлы болмайсың.

- Сонда не айтпағың бар?- дейді құсшы.

- Мен саған үш ақыл айтайын. Әрқайсысы өмір бойы азық болуға жарайды. Мені жегеніңнен осы үш ақылымды үйреніп алғаның әлдеқайда пайдалы. Бірінші ақылымды сенің қолыңда тұрғанымда айтамын. Екінші ақылымды ана тұрған ағаштың басына барып қонған соң айтамын. Үшінші ақылымды сонан соң айтамын, - дейді бозторғай. Екеуі келіседі. Бозторғай құсшыға бірінші ақылын айтады:

- Қолдан шығып кеткен соң өкінбе!

Құсшы бозторғайдың бірінші ақылын тыңдап, оны босатады. Талдың басына барып қонған бозторғайға құсшы:

- Енді екінші ақылыңды айт!- дейді.

- Болмасты болады дегенге сенбе!- деп, құс екінші ақылын айтады. Бозторғай осыдан кейін құсшыға:

- О, бейшара құсшы, егер сен мені сойып, ішімді жарғаныңда, одан әрқайсысы жиырма мысқал болатын екі маржан тас тауып алатын едің, - депті. Мұны естігенде, құсшы өкінгеннен санын соғып, бармағын тістепті. Өкініштен өзегі өртенген құсшы:

- Енді үшінші ақылыңды айт!- дейді. Сонда құс:

- Байғұс-ау, «Қолдан шығып кеткен соң өкінбе!», «Болмасты болады дегенге сенбе!»- деп екі ақыл айттым, екеуінен де ғибрат алмадың, үшінші ақылымды айтқанымнан сен не пайда табасың? Менің етім мен сүйегімді, қанатым мен құйрығымды, жүн-жұрқамды қосып өлшегенде де жиырма мысқал болмайды. Олай болса, әрқайсысы жиырма мысқалдан екі бірдей маржан тас менің қай жеріме сыйып тұр деп ойлайсың?- депті де, ұшып кетіпті.

«Құс пен құсшы» әңгімесінің қысқаша мазмұны осындай. Әңгімені алғаш тыңдаушылардың қайбірі бозторғайдың екінші ақылынан кейін, құсшымен бірге өкініп, бармағын шайнамаса да, сан ұрып қалғандай қалып танытатыны болады. Біз олардың мұнысына езу тартып барып басыламыз.

«Құс пен құсшының» түйінін де Аукең әдемі түйеді: дүниеге көзі қызығып тұрған адам жалған мен шынның арасын ажыратарға ақыл таба алмайды.

М Бір ауыз сөз. Аукеңнің аузын ашып айтқан осындай бір ауыз

сөзінің өзінде терең мән, кемел ғибрат болатын.

«Құс пен құсшы» әңгімесінің мәні терең. Сол тереңге бойлай алмаған соң, оның негізінің қайдан екенін Аукеңнің өзінен сұраймыз. Ол кісі бозторғайдың бағасын асыра түседі: құс Құдайдың құдіретімен сөйлейді екен; оның аузына сөз салып тұрған Жаратқанның өзі екен; тіпті құстың құсшыға айтқан ақылының негізі Құранның өзінде жазулы тұр екен...

Иә, ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым Ауданбек Көбесұлы жүрегінде айнасы бар, болмысы бөлек жан еді: аузын ашса, жүрегі көрінетін. Ақ көңілінен, таза ниетінен, боямасыз ықыласынан жақсының жарығы, жақсылықтың сәулесі төгіліп тұратын. Сондықтан Аукеңнің жақсылығы айналасындағы адамдардың алдынан іздемей-ақ табылатын. Соны сезінген шақтарда, үнсіз: «Кеудесі жақсылардың - алтын сандық», - деп сүйсінетінбіз.

Аукеңнің ақ пейіліне, боямасыз ықыласына мәз болып, көңіліміз толқығанда, Зейнолла мен Әзімхан ағаларымыз ән салып қоя береді. Ән Аукеңнің табиғатына сай айтылады. Халық әндері. Әр өлеңнің біздің көңілімізде Аукеңнің бір қасиетімен байланысты орнығып қалған аты бар: «Қолдан шығып кеткен соң, өкіндім-ай...» немесе «Кеудесі жақсылардың - алтын сандық...» Екі әнші де Аукеңнің іні-достары. Екеуі екі ұлттық университеттің профессоры. Профессорлардың әнін ешкім бұзбайды. Аукеңнің үйіндегі Нағима әпкеміз кейде өзінің жібектей есілген әдемі сазымен екі інісіне қосылып, әннің де, отырған ортаның да ажарын ашып, мейірін қандырады. Ондайда Аукеңнің ішкі қуаты жүзіне шығып, нұры тасып отырады...

Ауданбек Көбесұлы 1932 жылы дүниеге келген. 1948 жылы орта мектепті күміс медальмен, 1952 жылы Қазақ педагогикалық университетінің физика-математика факультетін (Қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын ауыл мектебінің мұғалімі болып бастады, көп ұзамай мектеп директоры қызметіне тағайындалды. Жас маман, жас директор ауыл мұғалімінің беделін өсірді, ауыл мектебінің абыройын көтерді. Ұстаздық жолында үлкен жетістіктерге жетті. 1959 жылдан бастап өзін баптап ұшырған жоғары оқу орнында, Ғылым академиясында, Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) ұстаздық қызмет атқарады, ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізеді. 1960-1963

жылдары Мәскеу университетінің аспирантурасында оқып, араб математикасы бойынша ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады. 1990 жылы «Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Ұзақ жылдар бойы ұлттық университетте оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқара жүріп, қазақ, орыс және басқа тілдерде 400-ге жуық зерттеу еңбек жазды, жоғары білімді және жоғары білікті мамандардың бірнеше буынын тәрбиеледі, Қазақстан жоғары мектебінің, еліміздің білім беру ісі мен ғылымының дамуына үлкен еңбек сіңірді.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының асыл арнасы – әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы: іздеп табу, араб тілінен аудару, баспаға дайындау және зерттеу. Зерттеушінің осы жұмыстардың әр саласы бойынша қол жеткен ірі табыстары бар және олардың неше алуан қырлары бар. Солардың бірі әл-Фарабидің ғылыми ортаға белгісіз болып келген, ғылыми айналымға түспеген бір еңбегі айналдырылды. Ізденістер арқылы ашылады. Әл-Фарабидің астрологиялық қолжазба еңбегінің екі түрлі атпен екі жерде сақтаулы тұрғаны туралы мәлімет алған ғалым сол екі қолжазбаларды өз көзімен көруге асығып, алаңдай береді. Екі жерде сақтаулы тұрған екі қолжазбаның екі түрлі еңбек болып шығу мүмкіншілігі туралы түйсік, шығармашылық интуиция мазасын алады. Бір еңбектің екі түрлі атпен екі жерде сақталуы әдеттегідей қабылданатыны рас. Бірақ ғалым осының өзін шешімі табылмаған жұмбақ секілді қабылдайды. Соның шешімін таппайынша тыным таппайды. Ақырында қолжазбалардың біреуінің фотокөшірмесін Швециядан, екіншісінің фотокөшірмесін Англиядан алдырып, олардың мазмұны мен мәніне үңіледі. Салыстырып, зерттеп қарағанда, бұлар екі түрлі атпен аталған бір еңбек емес, екі түрлі еңбек екені анықталады. Ғылыми интуиция, осылайша, фарабитану ғылымында ғасырлар бойы белгісіз жатқан асыл қазынаны ашуға себеп болды. Швециядан алдырылған қолжазба геометрия негіздері туралы трактат болып шығады. Бұл фарабитанудағы үлкен жаңалық еді. Әл-Фарабидің геометриялық трактатын ғалымның өзі зерттеді, соның нәтижесінде жаңа білім өндірілді, ол алғаш 1960 жылдардың аяғында ғылыми айналымға түсіп, көпшіліктің игілігіне айналды. Англиядан алдырылған қолжазба астрология туралы бол-

ғанға ұқсайды. Оны ғалым әл-Фарабидің космологиясын зерттеумен шұғылданып жүрген А.Машановтың қолына тапсырады. А.Машанов бұл игілікті жұмысқа А.Көбесовтің өзін тартып, екеуі әл-Фарабидің космологиясы (Құзмулогия) жайында ғылыми маңызы зор зерттеуді бірлесіп жүргізді, оның нәтижелерін де сол жылдары ғылыми басылымдарда жариялады. Бүгінде Ауданбек Көбесұлының шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде ашылған осы жаңалықтардың тарихи маңызы өте үлкен. Екінші ұстаздың басқа трактаттарының зерттелу тарихында да фарабитанушы ғұламаның осындай тегеурінді ғылыми-шығармашылық ізденістерінің кең өрісі бар. Әрине, ғылымдағы мақсатты шығармашылық ізденістердің бәрі де жақсы. Ал шығармашылық табысқа ұласқан ізденіс жақсы ғана емес, маңызды. Егерде шығармашылық ізденіс нәтижесінде қол жеткен табыстың ғылымда баламасы жоқ болса, онда ол жай табыс қана емес, ол - жаңалық. Ғалымның ашқан жаңалығы ғылым мен тәжірибе саласында әлеуметтің пайдасына қызмет етіп, игілігіне жараса, онда ол жаңалық қана емес, игілік болып табылады. Ауданбек Көбесұлының фарабитану ғылымы саласындағы табыстары оның өз заманындағы баламасыз жаңалығы, жаңашылдығы еді.

Зерттеушінің ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми жұмыстарының нәтижелері негізінде жарық көрген «Әл-Фараби» (1971), «Сөнбес жұлдыздар» (1973), «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы» (1974), «Әл-Фараби еңбектеріндегі астрономия» (1981), «Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» (1989), «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» (2002), «Әбу Насыр әл-Фараби» (2004), «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда» (2005) және басқа монографиялық зерттеу еңбектері - отандық фарабитану ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосылған айрықша зор үлес.

Ғалымның «Математика тарихы», «Математиканы оқыту методикасы», «Әл-Фарабидің жаратылыстану және математика саласындағы мұралары» атты оқулықтары, оқу құралдары мен «Ғылымда даңғыл жоқ» атты очерктер мен эсселер кітабының танымдық, тағлымдық маңызы үлкен. Бұл еңбектердің өзегінде де әл-Фарабидің ғылыми мұрасының іргелі желілері жатыр. Солай бола тұра зерттеуші ғылыми ойдың даму тарихын Пифагордан Ұлықбекке дейінгі ғұламалардың өмірі мен ғылыми шығармашылығы негізінде пайымдап, саралап шығады.

Автор ғылым тарихын, біздің дәуірімізге дейінгі және біздің дәуіріміздегі ғұламалардың өмірі мен ғылыми еңбектерін көпшіліктің танымына лайықты әсерлі насихаттайды, өз ойларын эссе стилінде жібектей есіп баяндайды. Бұл, меніңше, математиктердің бойында өте сирек кездесетін шығармашылық қасиет еді.

Ауданбек Көбесұлының әл-Фарабидің мұралары туралы зерттеулері, олардың методологиялық негіздері туралы зерттеулеріне дейін бұл салада арнайы ғылыми зерттеулер, іргелі пайымдаулар болған емес. Ғалым әл-Фараби мұраларын математиктің немесе педагог зерттеушінің ғана көзімен барламайды, бірнеше ғылымның тоғысқан торабында туған ғылыми тұрғы талаптарына сай саралайды. Бұл орайда жаратылыстану ғылымдары салаларының өзі де аздық етпейтіні рас. Бірақ зерттеуші мұнымен шектеліп қалмайды, фарабитанудың іргелі мәселелерін қарастыру барысында жаратылыстану және әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардың салаларын бірдей қамтитын пәнаралық зерттеу ұстанымдарын пайдаланудың методологиялық негізін жасайды. Соның негізінде ғалым өзі көздеген ғылыми ақиқатқа барар жолында қол жеткізген әр нәтижені сыншыл пайыммен саралады, әр нәтижені өзгелердің көзі түспейтін қырынан қарап, өзгелердің ойына келмейтін түсінік тұрғысынан таныды. Бұл ғылыми ойдың, ғылыми-шығармашылық ойлаудың Аукеңе ғана тән ағынды және арынды қуатының көрінісі еді. Ғалым өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нәтижелеріне осындай әдіснамалық жаңа ұстанымдар мен осындай ағынды және арынды қуат негізінде қол жеткізді.

Аукеңнің ізін басып келе жатқан математик, физик, химик әріптестерімен олардың ғылымдағы ізденістері жайында әңгімелескенде, нұсқау сияқты қысқа кеңестер беретіні болатын. Солардың кейбірі мынадай еді: мәселені көре біл; оны зерттеудің мәнін, жүйесін, құрылымын біл; қорытынды жасауға, пікір түюге асықпа, әр нәтижені іртүрлі қырынан парықта, т.б. Бұл секілді кеңестердің түпкі мәнісін терең түсінгендер оның пайдасын да көрген шығар. Басқаларды қайдам, әдебиеттанудағы менің өзім де Аукеңнің осы құнды кеңестерінің пайдасын әр жерде көрдім. Мысалы, белгілі бір мәселені нақты деректер негізінде талдап, соның нәтижесінде тиісті тұжырым жасау деген болады. Осындай жағдайда негізделген тұжырымға біраздан соң қайта айналып келіп қарағанда, мүлде жаңа пікір туатыны өз ба-

сымнан әлденеше рет өтті. Аукеңнің тұрмыстық жағдайда айтқан қарапайым сөздері мен кеңестерінің өзінде өмірлі, өнегелі мазмұн бар еді.

Ғалымның пәнаралық зерттеу әдісінің өзегінде үзілмей жалғасатын өзгеше бір ғылыми ұстаным бар. Ол - тарихилық. Зерттеуші әл-Фарабидің ғылыми-шығармашылық мұрасының ірі, іргелі мәселелерін тарихи тұрғыдан қарастырады: шығу тегін анықтайды; қалыптасу, даму кезеңдерін барлайды; құрамдас бөліктерін, қасиеттерін сипаттайды; маңызы мен мәнін көрсетеді; кейінгі жалғасу жолдарын сараптайды. Бұл бір ұлы жолдың басы мен аяғын тұтас алып жатқан керуен іспетті: ақыл-ой алыптарының ғылыми қазыналарының керуені. Оның басынан кіріп, аяғынан шығуға немесе аяғынан кіріп, басынан шығуға бір адамның ғұмыры жетпеуі мүмкін. Аукең болса, анығын Алла біледі, осы керуеннің басынан кіріп, аяғына шыққандай, аяғынан кіріп, басынан шыққандай іс қылды. Оның бір мысалы мынадай: Абайдың белгілі бір қағидасының мәнін ашу үшін, әл-Фарабидің іліміне бойлайды, одан Аристотельдің іліміне үңіледі, Аристотельді тану үшін, тұтас ертедегі грек ғылымына бойлайды. Әл-Фарабидің арғы жағын түгендеп болған соң, беріге бұрылады: Ибн Синадан Абайға дейінгі аралықты тұтас қамтиды. Осы ретте ғалымның Абайдың мына бір сөзінің төркінін табу жолындағы ізденістері ерекше назар аударады.

Абайдың: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!», - дейтін насихаты бар. Мұның қайнар көздерінің бірі Пайғамбар хадистерінен тарайды: «Сенен есеп сұрағанға дейін өзіңнен өзің есеп ал. Өз істеріңді өзің таразыға түскенге дейін өлшеп ал». Аукең осы ойдың сілемін әл-Фарабиден байқайды, оның алдындағы Аристотельден табады, Аристотельдің арғы жағында тұрған Пифагордан көреді. Ғалымның көрсетуінше, Пифагор: «Ұйқы алдында өткен күнде өзіңнің не істеп, не тындырғаныңды ой елегінен бір өткізбей тұрып, көзіңді жұмба» [2, 16], - дегенге ұқсайды. Ғалым мұнымен де тоқтап қалмай, осы қағида өзегімен өрілген тектес, негіздес ойлар мен пікірлердің ортақ заңдылықтарын ашады.

Пифагор, Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина, Абай арасында ой, пікір ұқсастығы бары рас. Мұндай

ұқсастықтардың себебін қандай заңдылықпен түсіндіру керектігін анықтауға келгенде, өткен дәуір ғұламаларының қалт басып, қателікке ұрынғандары да болған. Ауданбек Көбесұлы, өзінің методологиялық ұстанымдарына сай, бұл жерде де ғылыми ақиқаттан ауытқымайды, дұрысын, турасын, ақиқатын айтады, ғылыми тұжырымдарын, қағидаларын теориялық тұрғыда жеткілікті негіздейді. Данышпандардың бәрінің ойлауына ортақ және әрқайсысының пікір түюіне, қағида негіздеуіне тән дара қасиеттерді саралап көрсетеді. Ауданбек Көбесұлының зерттеу жүргізудегі осындай әдіснамалық жаңа ұстанымдары, әдіснамалық жаңа қағидалар қалыптастыру тәжірибесі бүгінгі ғылыми-шығармашылық ізденістер үшін де маңызды.

Ауданбек Көбесұлының шығармашылық мұрасында екі еңбектің болмысы бөлек, табиғаты ерекше. Оның бірі - «Математика тарихы», екіншісі - «Ғылымда даңғыл жол жоқ». Екеуі де ғылыми-көпшілік қауымға арналған. Соған орай олардың құрылым-жүйесі, стилі, тілі ғылыми зерттеу шеңберінен шығып, көркемдік баяндау заңдылықтарына сай түзіледі.

Аукеңді ғалым, ұстаз, аға ретінде бірдей құрмет тұттым. Әлім келгенше. Жарықтықтың артық сөзі жоқ болатын. Әңгімесі әрдайым әл-Фараби, Абай туралы болып келетін. Әсіресе, әл-Фараби мен Абай арасындағы жақындық, үндестік, сабақтастық жайын ерекше толғанып қозғайтын. Сөз арасында әл-Фараби мен Абай туралы арнайы ғылыми зерттеу жазып жүргенін айтушы еді. Ғылым тарихы жайын айтқанда, телегей-теңізді кешкендей күйде көрінетін. Ара-тұра әңгіме бетін өзіме қажетті бағытқа бұрғанымда, Аукең ол бағытта да беріліп, шын ықыласымен әңгімелеуші еді. Тіпті математика мен әдебиет арасында көптеген жақындықтар барын да шабыттана айтатын. «Ер Тарғындағы» Ақжүністің Қарт Қожаққа айтатын сөзінің құрамдас бөліктерінің құрылым жүйесі математикалық пропорция мүшелерінің арасындағы қатынасқа сәйкес келетінін сипаттап бергенде, қатты ойланып қалғаным бар. Ол тұста ғылыми жаңалықтардың ашылу тарихы, ғалымдардың белгілі бір жаңалықтарды ашудағы шығармашылық ойлау психологиясы және жазушы еңбегінің сатылары мен кезеңдері арасыннан ортақ заңдылықтар бағытында ізденіп жүрген болатынымын. Әңгіме бетін солай қарай бұрғанымда, Аукең математика, физика саласындағы арғы-бергі

замандарда ашылған жаңалықтардың ашылу тарихы туралы бірқатар қызықты жайларды айтып, кейбір дерек көздерін көрсеткен-ді. Шығармашылық еңбек процестерінің психологиясы туралы ізденістерімде олардың пайдасы болды...

Ауданбек Көбесұлы сөзі тура, ойы айқын, ниеті таза ерекше тұлға еді. Ол кісі сөйлегенде, осы қасиеттерінің бәрі көзге мөлдіреп көрініп тұрғандай болатын. Көңілінде көзі бар, кеудесі алтын сандық жайсаң кісі еді.

2012 жылы Ауданбек Көбесұлының дүние есігін ашқанына 80 жыл толды. Күнделікті жұмыстың ығында жүріп, көңілімдегі көрікті ойымды Аукеңнің көзі тірісінде жазып жеткізе алмағаным өкінемін. Енді, міне...

Ауданбек Көбесұлының рухына Алланың рақымы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағаты болғай.

2013

Соңғы қаралған уақыты
28.03.2024